



Лексикалық тақырып: *Қарлұқ қағанаты*

Грамматикалық тақырып: *Тұйық етістік*

Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңыз.

Қарлұқ мемлекеті (756-940 жж.) – Жетісу жеріндегі ежелгі мемлекет. 8 ғасырдың ортасында қарлұқтар елеулі әскери-саяси күшке айналды да, Шығыс Түрік қағандығын талқандауда (745) маңызды рөл атқарып, тоғыз оғыздармен бірге Орхон тағына Тон Йабғу қағанды отырғызды. 736 жылы қарлұқтар бұрынғыдан да күшейді. Өздерінің бұрынғы одақтасы ұйғырлармен бәсекелесіп, «он тайпа қағанының (он-ок бодун) байырғы жерінде», Жетісуға қоныс аударды. Суяб пен Талас қалалары қарлұқтар қолбасшыларының тұрақты мекеніне айналды. Қарлұқ ақсүйектері Жетісуда 766 – 940 жылдары билік құрды. Бұл кезде олардың қолбасшылары қаған емес, жабғу деп аталғанымен ол шартты түрде Қ. қаласының кезеңі деп аталды. Жабғу Шығыста Тарым, Батыста Ферғанадан асып, Тохарстанға (Сурхаб-вахш су алабынан Ауғанстанның солтүстік шекарасына) дейін саяси үстемдік жүргізді. 8 ғасырда Жетісу жерінде үстемдік жүргізген түркештер де, одан кейін билік еткен қарлұқтар да елдің этникалық құрамына елеулі өзгеріс енгізбеді.

Жылнамашылар мен саяхатшылар 8 – 9 ғасырда Жетісу жерін чумук, ұлығ-ақ, жабшид, түркеш-қалаш, түргеш, азғыр, қашу, барсхан, т.б. тайпалар мекендегенін жазады. Алтай мен Жетісудың саяси және әскери өмірінде қарлұқтармен қатар қаңлы тайпасы да елеулі орын алды. Олар, негізінен, Алтайда (Ертіс алабын), содан соң Ыстықкөл, Шу жағалауларын, Талас өңірін жайлады. Ыстықкөл алабында, сондай-ақ, шігілдердің де иеліктері болды. 10 – 11 ғасырда Іленің орта ағысында яғмалар тұрды. Тараз қаласының іргесінде Яғма қыстағы болған.

Қарлұқ қаласының құрамындағы негізгі тайпалар – көшпелі түріктер мал өсіруді кәсіп еткен. Қарлұқтар мекендеген атыраптың өзге халықтар тұрған жерлерге қарағанда бақшалы, мәдениетті қалалары, елді мекендері болған. Талас алқабында 8 – 9 ғасырда Атлах, Хамукет, Шельджи, Сус, Куль, Такабет сияқты қалалары болған. Жергілікті отырықшы халықтың басым көпшілігі түсті және асыл металдар (алтын, күміс, мыс) өндірумен шұғылданды. Іле аңғарында Кунгут, Талһир (Талғар) қалалары болды. Әсіресе, Тараз, Құлан (Құлан сайдың қасындағы мекенжай), Мирки (Меркі), Ашпара (Шалдавар а-на таяу осы аттас өзен бойындағы қираған мекенжайдың орны) қалалары көбірек белгілі болды. 8 – 10 ғасырда Жетісу қалалары құрылысы, үйлерінің орналасуы жағынан Орта Азия қалаларынан өзгеше болды. Олар бір жағынан көшпелілерден қорғанатын бекініс еді. Қағандықтың экономика өмірінде Соғды қалалары үлкен рөл атқарды, олардың халқы, негізінен, Самарқаннан, Бұхарадан, Орта Азияның басқа да қалаларынан келгендер еді.

Ірі де бай соғды мекендерінің сауда-экономика қуаты аса зор және дипломатикалық мүмкіндігі күшті болды. Сауда-саттық қалалары Шығыс пен Батыстың арасындағы көне керуен жолдарының бойына орналасты. Сол жолдардың бірі Бұхара, Самарқан, Шаш (Ташкент), Тараз, Құлан, Суяб (қазіргі Токмақ маңы) арқылы өтіп, Ыстықкөл ойпатымен Қарқараны, Текесті басып, Шығыс Түркістанға қарай бойлаған. Отырықшы халық көшпелілермен тығыз байланыста болып, сауда жасап, тауар алмасып отырды. Көрші елдермен қарым-қатынас жасау қала мәдениетін өсірумен бірге сырттан басқа діннің де енуіне жағдай жасады. Халықтың басым көпшілігі ата-бабалар дінін ұстанған (тәңірлік, шаман).

940 жылы Шығыстан келген «мәжусілік түріктер» қағандықты құлатты. Қарлұқ Қағандығы кезеңінде Жетісу халықтарының арасында әлеуметтік-экономикалық, этнограф және саяси бірлесудің берік негізі қаланды.

Лексика-грамматикалық тапсырмалар



1. Мәтінмен жұмыс жасаңыз.

1. Берілген мәтінді оқып, мына төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.
2. Қарлұқ мемлекеті қай ғасырлар аралығында өмір сүрді?
3. «Қарлұқ» терминінің этимологиясы анықталмаған ба?
4. Қарлұқ ақсүйектері Жетісуда қай жылдары билік құрды ?
5. Қарлұқ қаласының құрамындағы негізгі тайпалар?
6. Жергілікті отырықшы халықтың басым көпшілігі қандай кәсіппен айналысты?
7. Қарлұқ қағанатын кімдер, қай жылы құлатты?

2. Мәтіннен етістіктерді теріп жазып, қайсысы дара және күрделі екенін анықтаңыз.

3. Мәтіннен ғылыми терминдерді теріп жазыңыз.

4. Етістіктерді тұйық етістікке айналдырыңыз.

Қайнатып, қолданады, жабылатын, жанып, тұрған, жасайтын, ерітілген.

5. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, мақсат мәнді сөйлемдер құрастырыңыз:

Қарлұқ ақсүйектері, негізгі тайпалар, Жетісуда, өнеркәсіп, қала мәдениеті, отырықшы халық, көшпенділер, сауда-саттық.

6. Кестедегі сөздердің синонимін және антонимін сөздік арқылы жазыңыз

Берілген сөз	Синонимдес сөз	Антонимдес сөз
Қиын		
жәрдем беру		
Жиі		
Зор		
Таяз		
Көп		

7. Мәтінді оқып, стилін анықтаңыз.

- мәтінді оқып, жоспар құрыңыз.
- Мәтіннен етістіктерді теріп жазу; дара, күрделі етістіктерге бөліп жазу, әрі морфологиялық талдау жасаңыз.
- Мәтіннен үндестік заңына бағынбайтын сөздерді теріп, жазыңыз
- Мәтіннен салт етістікті бір бөлек, сабақты етістікті бір бөлек жазыңыз.

Қарлұқтар – көне түркі тайпасы. Ол үш рудан бұлақ, чигиль (басқаша атауы – себек) және ташлықтан құралған. Қарлұқтар телелердің бір тайпасы делінеді. 7 ғасырдың орта шенінде Қарлұқтар Емел алқабына және Сайрам-нор көліне қарай ойысты. Осы арада Қарлұқтардың бұлақ, чигиль, ташлық руларынан құралған тайпалық бірлестігі қалыптасты. 8 ғасырда Түрік қағандығы ыдырағаннан кейін, Қарлұқтар күшейе бастады. Көшпелі жағдайда мал өсіріп, аң аулады, бірте-бірте отырықшы егіншілікке көшті. Қарлұқтар Орта

Азиядан Қытайға дейінгі керуен жолын, Талас өзенінен Тарым өзеніне дейінгі жерлерді, Ыстықкөлдің оңтүстігін мекендеді.

757 – 766 жылдары Түркештер мемлекетінің жерін түгел дерлік өзіне бағындырды. Қарлұқтар шонжарлары Жетісуда билік құрды. Осы кезде қарлұқтар билеушілері өздерін жабғу деп атады. Бұл 800 және одан кейінгі жылдардағы (10 ғасырдағы «Худуд әл-Алам») еңбектерде айтылады. Онда Қарлұқтардың жабғуларымен қатар түрік билеушілері – қағандардың болғаны сөз болады. Жабғу қарлұқтар астанасын Шу өзенінің бойындағы Суяб қаласына көшірген. Бергін келе олардың астанасы Іле өзенінің бойындағы Қойлық қаласына ауыстырылды. 861 жылы Қашқарияны басып алды. 10 ғасырда Қарахан әулеті билеген мемлекеттің құрамына кірді. Қарлұқтар 960 жылы мұсылман дінін қабылдады.

Қарлұқ тайпалары Талас аңғарында тұрды. Тараздың оңтүстігіне қарай 5 фарсах (30 шақырым) жерде Қасрибас деген жердегі жайылымда қарлұқтар қыстап жүрген. Тау қойнауындағы бұл жылы жерге таяу халаждардың қыстауы болды. Ал Тараз VIII ғасырдың бірінші жартысында-ақ «даңқты да инабатты шаруқ-түріктер» қаласы деп аталған еді.

Тарихи-географиялық деректер қарлұқтар мен оғыздар Тараз-Испиджаб-Фараб аралығын бірлесіп мекендеген деп шамалауға мүмкіндік береді. Таразға жақын жерде, Макдисидің айтуынша, жікілдер мекендеген, мұнда олардың осы аттас қаласы болған. Махмұд Қашғарифа жікіл-түріктердің үш тобы мәлім болды. Бұлардың біреуі Таразға жақын жердегі —Жікіл қаласын, ал басқа екеуі — Барсханнан әрі Құясты және Қашғариядағы Жікіл қонысын мекендеген.

Қарлұқтар Тараздың шығыс жағында да мекендеді. Мұнда олардың қарауында Құлан, Мерке қалалары болды. Меркенің шығыс жағында Орду деген «шағындау бір қаланың» болғаны айтылады, онда түрікпен патшасы тұрады, ол Испиджаб билеушісіне үнемі сый-сияпат жіберіп тұрады» делінген.

Ордудың қарлұқтар орналасқан негізгі аумақта қоныстануы оның билеушісі қарлұқ болған деп топшылауға мүмкіндік береді. «Худуд әл-аламның» мәліметтеріне қарағанда, Суяб ауданында тұхси тайпалары мекендеген. Тұхсилердің үлкен бір тобы X ғасырға дейін қарлұқтардан солтүстікке таман қоныстанған. X ғасырдың орта шенінде олар оңтүстікке қарай едәуір жылжып, қарлұқтармен бірге Тянь-Шаньның батыс сілемдерін бойлай орналасады. Испиджаб, Тараз және Баласағұн қалалары өңірінде түргештердің арғу тайпасы тұрды. Шу аңғарында қарлұқ қоныстарының орталығы - Баласағұн қаласы болған.

Әл-Идрисидің картасында қарлұқтардың екі тобының аумақтық орналасуы көрсетілген. Қарлұқ этнонимін әл-Идриси жазудың белгілі екі түрінде - арабша және парсыша: харлух және халлух деп береді. Хақан басқаратын қарлұқтар мекендейтін негізгі аудандар төртінші және бесінші климаттардың тоғызыншы бөлігіне орналастырған. Әл-Идрисидің картасына қарағанда, қарлұқтар елінің оңтүстігінде Бухайрат ат-түрік (Түрік көлі немесе Самджан көлі) деген үлкен қол орналасқан. Әл-Идриси еңбегінің мәтінінде бұл қол туралы ешқандай мәлімет жоқ, ол мүлдем ауызға алынбайды. Түрік көлінің оңтүстік жағында, қарлұқтар мекендеген аймақта Жоғарғы Барсхан қаласы көрсетілген, көптеген деректемелер бойынша қазір ол Ыстықкөлдің оңтүстік жағасына сеніммен орналастырылуда, мұның өзі Түрік көлін Ыстықкөл деп санауға берік негіз береді. Сол арқылы, К. Миллер ұсынғандай, Гаган көлін Ыстықкөл деп есептеуге болмайды, оның үстіне, «Нұзхат әл-мұштақтың» мәтіні және картаның деректері бойынша, қарастырылып отырған кезде Гаган көлінің төңірегінде қимақтар қоныстанған. Ал Ыстықкөл мен оның солтүстік-шығыс жағында жікіл тайпалары мекендеген. «Ыстықкөлдің бүкіл төңірегін жікілдер алып жатыр», — деп көрсетеді Гардизи. Оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында қарлұқтар Тибетпен және тоғыз-ғұздармен (ұйғырлармен) шектесіп жатты. Қарлұқтар иеліктерінің Тибетке жақындығы «Худуд әл-алам» анонимінің қолжазбасында да атап өтілген. Тегінде, Памирдің оңтүстік-шығыс жағындағы таулы аймақтар мен Шығыс Түркістан аймағы (Жаркент, Хотан) Тибет делініп отырса керек.

Қарлұқтар мен ұйғырлар (тоғыз-ғұздар) арасындағы шекараға келетін болсақ, ол Шершен, Тарым және ішінара Ақсу өзендерінің бойымен өткен.

8. Сөйлемдерді мәтінге сәйкес аяқтаңыз.

1. Қарлұқтар Тараздың шығыс жағында да
2. Қарлұқтар иеліктерінің Тибетке жақындығы «Худуд әл-алам» анонимінің
3. Қарлұқтар мен ұйғырлар (тоғыз-ғұздар) арасындағы шекараға келетін болсақ, ол Шершен, Тарым және
4. Қарлұқ этнонимін әл-Идриси жазудың белгілі екі түрінде — арабша және парсыша:
5. Шу аңғарында қарлұқ қоныстарының орталығы —
6. Қарлұқ тайпалары Талас

9. Мына мақал-мәтелдерді толықтырып, мағынасын түсіндіріңіз.

1. Су жүрген жер береке,
2. Бұлақ көрсең -
3. Дария басы -
4. От пен су-
5. Судың жолын
6. Су ішкен
7. Су – ырыстың көзі,
8. Сасық су да бір,

Керекті сөздер: құдығына түкірме, көзін аш, еңбек кірістің көзі, бұлақ, құм бөгер, сараң да бір, ел жүрген жер мереке.

10. Тест тапсырмалары

1. Етістік

- А) Заттың түрін, түсін, сапасын, салмағын, көлемін білдіретін сөз табы;
- В) Заттың, ұғымның, құбылыстың атын білдіретін сөз табы;
- С) Заттың іс-әрекетін, қимылын, сипатын білдіретін сөз табы ;
- Д) Іс-қимылдың орындалуында орындаушының қатысын білдіреді, анықтайды;
- Е) Зат есім, сын есім, сан есімнің орнында жүретін, қолданатын сөз табы.

2. Етістіктің тұлғасына қарай бөліну түрлері

- А) Негізгі етістік, туынды етістік;
- В) Дара етістік, күрделі етістік;
- С) Болымды етістік, болымсыз етістік;
- Д) Салт, етістік, сабақтас етістік;
- Е) Есімше, көсемше.

3. Етістіктің құрамына қарай бөліну түрлері

- А) Негізгі етістік, туынды етістік;
- В) Дара етістік, күрделі етістік;
- С) Болымды етістік, болымсыз етістік;
- Д) Салт, етістік, сабақтас етістік;
- Е) Есімше, көсемше.

4. Етістіктің мағынасына қарай бөліну түрлері

- А) Негізгі етістік, туынды етістік;

- B) Дара етістік, күрделі етістік;
- C) Болымды етістік, болымсыз етістік;
- D) Салт, етістік, сабақтас етістік;
- E) Есімше, көсемше.

5. Іс-әрекеттің жүзеге асу-аспауына қарай етістіктің түрлері

- A) Негізгі етістік, туынды етістік;
- B) Дара етістік, күрделі етістік;
- C) Болымды етістік, болымсыз етістік;
- D) Салт, етістік, сабақтас етістік;
- E) Есімше, көсемше.

6. Етістіктің мағыналық ерекше түрлері

- A) Негізгі етістік, туынды етістік;
- B) Дара етістік, күрделі етістік;
- C) Болымды етістік, болымсыз етістік;
- D) Салт, етістік, сабақтас етістік;
- E) Есімше, көсемше.

11. Өлеңді мәнерлеп оқыңыз.

АНА ТІЛІМ, КҮМБІРЛЕ САРАЙЫМДА!

М.Айтхожина

Тілін білген Абылай, Абайым да,
Құдырет берген ана тіл талай ұлға.
Қасиетті сол тілдің арқасында
Ерікті ел боп алысқа қарайын да.
Ана тілім, күмбірле сарайымда!

Тағдырым, даралама тілден мені,
Тіл – елмен қауыштырар іргемдегі.
Тіл – елмен табыстырар алыстағы,
Аспандатар жердегі жүрген мені.

Тілмен өрлер мерейім өрлесе де,
Тілсіз бақытын басынан ел кешер ме?
Тілер едім таусылса ақтық демім,
Жерлендер деп тілменен жерлесен де...

Ерекше бір сән беріп көшке бүгін,
Келе жатыр жаңғырып өшкен үнім.
Ана тілім рухымды көтереді,
Самал тербеп тұрғандай текше гүлін.

Өмір кешіп басынан ала құйын,
Жат жерінде күңіrentкен дара күйін;
Атамекен,
Аңсаған Ана тілін,

Арманда өткен Мысырда Фарабиім!..